

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1120 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 17 сәуірдегі № 219 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1120 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2004 ж., № 41, 532-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі туралы ережеде:

16-тармақта:

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15) орталық мемлекеттік органдардың және олардың ведомствоарының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу, мәслихаттардың, әкімдіктердің, әкімдердің, сондай-ақ тексеру комиссияларының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу, құқықтық ақпараттандыруды, Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін, Қазақстанда құқықтық ақпараттың бірынғай компьютерлік жүйесін жүргізу ді қамтамасыз ету;";

18) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"18) Қазақстан Республикасының Үкіметі жасасатын инвестициялық шарттар жобаларын заңдық сараптау;";

61) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 72-14), 72-15), 72-16), 72-17), 72-18), 72-19), 72-20), 72-21), 72-22), 72-23), 72-24), 72-25) тармақшалармен толықтырылсын:

"72-14) тыйым салынған мүлікті өткізудің, оның ішінде электрондық аукцион нысанындағы сауда-саттықта өткізудің қағидаларын бекіту;

72-15) ата-ананың алатын және алимент ұсталатын жалақысы және (немесе) өзге де кірісі түрлерінің тізбесін бекіту;

72-16) жеке сот орындаушыларының қызметін бақылауды жүзеге асыру тәртібін әзірлеу және бекіту;

72-17) жеке сот орындаушыларының іс жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

72-18) жеке сот орындаушылары өнірлік палаталарының өз қызметі туралы ақпарат беруінің нысаны мен мерзімдерін бекіту;

72-19) жеке сот орындаушылары арасында атқарушылық құжаттарды бөлу тәртібін айқындау;

72-20) мемлекеттік сот орындаушыларының нысанды киімінің (погонсыз), жетоны және әмблемасының үлгілерін бекіту;

72-21) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік сот орындаушыларын нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту;

72-22) атқарушылық іс жүргізу бойынша шығыстарды есептеу әдістемесін бекіту;

72-23) жеке сот орындаушысының депозиттік кітапты жүргізу тәртібін белгілеу;

72-24) жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін белгіленген тәртіппен жауапты деп танылған таратылатын заңды тұлғаның мүлкі жоқ немесе жеткіліксіз болған жағдайда осы зиянды өтеу жөніндегі тиісті мерзімдік төлемдерді капиталдандыру сомаларын мемлекеттен өндіріп алу жөніндегі атқарушылық іс жүргізу қағидаларын белгілеу;

72-25) шет мемлекеттердің атқарушылық іс жүргізу қызметтерімен және халықаралық ұйымдармен атқарушылық құжаттарды орындау саласындағы ынтымақтастық;";

93) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"93) мұліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдардың қызметін, сондай-ақ тауар белгісінің, қызмет көрсету белгісінің, тауар шығарылған жер атауының немесе фирмалық атаудың пайдаланылуын Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және профилактикалық бақылау нысанында мемлекеттік бақылау;";

мынадай мазмұндағы 94-2), 94-3), 94-4), 94-5) тармақшалармен толықтырылсын:

"94-2) зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар тұжырымдау;

94-3) уәкілетті органдар мен ұйымдардың осы саладағы заңнаманы сақтауын және халықаралық шарттарды орындаудың қоса алғанда, олардың зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруының мониторингі;

94-4) қорғау құжаттарын беруге түсken өтінімдерге сараптама жүргізуді ұйымдастыру, өнеркәсіптік меншік объектілерінің, селекциялық жетістіктердің, интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімдерін жүргізу, қорғау құжаттарын беру және оларды күшінде ұстау жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

94-5) "Авторлық құқық және сабактас құқықтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда сыйақы мөлшері мен оны төлеу шарттарын белгілеу;"

мынадай мазмұндағы 100-1), 100-2), 100-3), 100-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"100-1) Қазақстан Республикасында балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілдегі органның агенттікті аккредиттеу туралы шешімін келісу;

100-2) азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру, азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер енгізу, қалпына келтіру, күшін жою тәртібін айқындау;

100-3) азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу актісі кітаптарының нысандарын және осы кітаптардағы жазбалар негізінде берілетін куәліктердің нысандарын бекіту;

100-4) некеге отыру (ерлі-зайыпты болу) туралы, некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы өтініштер, некеге құқық қабілеттілігі туралы, қайтыс болу туралы анықтамалар нысандарын белгілеу;";

мынадай мазмұндағы 101-4), 101-5), 101-6), 101-7), 101-8) тармақшалармен толықтырылсын:

"101-4) шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жататын занды тұлғалардың ұлғілік жарғыларының мазмұнын айқындау;

101-5) занды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені), филиалдың (өкілдіктің) есептік тіркелгені (қайта тіркелгені) туралы анықтамалар нысанын белгілеу;

101-6) занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу (қайта тіркеу), жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын занды тұлғанын, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу туралы өтініштер нысанын белгілеу;

101-7) жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын занды тұлға, сондай-ақ акционерлік қоғам, олардың филиалдары мен өкілдіктері жарғысының (ережесінің) телінұсқасын беру туралы өтініш нысанын белгілеу;"

101-8) занды тұлғаның таратылуын мемлекеттік тіркеу, филиалдың (өкілдіктің) қызметін тоқтату туралы өтініштер нысанын белгілеу;"

107-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"107-1) құқықтық кадастры қолдауға қойылатын талаптарды және құқықтық кадастрга қол жеткізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;"

107-3) және 107-4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"107-3) жылжымайтын мұлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласындағы статистикалық және өзге де есептік ақпаратты ұсыну қағидаларын әзірлеу және бекіту;

107-4) жылжымайтын мұлікке құқықтарды, оның ішінде жеделдетілген тәртіппен мемлекеттік тіркегені және ғимараттарды, құрылышжайларды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттеп-қарағаны үшін тіркеуші орган өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын келісу;"

мынадай мазмұндағы 107-9), 107-10), 107-11), 107-12), 107-13) тармақшалармен толықтырылсын:

"107-9) құқықтық және өзге де кадастрларды жүргізу мақсатында ақпарат алмасу бойынша мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындау;

107-10) құқықтық кадастрдан ақпарат беру тәртібін айқындау;

107-11) ғимараттардың, құрылыштардың және (немесе) олардың құрамдастарының жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне енгізу, мемлекеттік техникалық зерттеу-қарауды жүргізу тәртібі мен мерзімін, бастапқы және кейінгі жылжымайтын мүлік объектілеріне кадастрлық нөмір беру тәртібін, сондай-ақ құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне енгізу үшін міндетті мәліметтердің нысандарын, техникалық паспорттың нысандарын айқындау;

107-12) екінші деңгейдегі банктермен жасалатын банктік қарыз шартын қамтамасыз етуге берілген кепілді электрондық тіркеу тәртібін айқындау;

107-13) құқықтық кадастрда жүйелі тіркеуді жүргізу мерзімдері мен тәртібін айқындау;";

мынадай мазмұндағы 108-1), 108-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"108-1) мемлекеттік нотариат кадрларын іріктеу, аттестаттау және орналастыру;

108-2) мемлекеттік нотариат кеңселерінің қызметіне басшылық жасау, жеке нотариаттың дамуына жәрдемдесу, жасалған нотариаттық әрекеттердің зандалығы мен мемлекеттік және жекеше нотариустардың іс жүргізу қағидаларын сақтауын бақылау";;

мынадай мазмұндағы 136-1), 136-2), 136-3), 136-4), 136-5), 136-6), 136-7), 136-8), 136-9), 136-10), 136-11), 136-12), 136-13), 136-14), 136-15), 136-16), 136-17), 136-18), 136-19), 136-20), 136-21), 136-22), 136-23), 136-24) тармақшалармен толықтырылсын:

"136-1) сот сараптамасы органдары жүргізетін сот сараптамалары түрлерінің және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі біліктілік беретін сарапшылық мамандықтарының тізбесін әзірлеу және бекіту;

136-2) сот сараптамасы органдарында сот сараптамалары мен зерттеулерді үйимдастыру және жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

136-3) сот сараптамасы объектілерімен жұмыс істеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

136-4) сот сараптамаларының күрделілік санаттарын айқындау қағидаларын, сот сараптамаларының күрделілік санаттарына қарай оларды жүргізу мерзімдерін есептеу тәртібін, сондай-ақ сот сараптамаларын жүргізууді тоқтата тұрудың және мерзімін ұзартудың негіздері мен тәртібін әзірлеу және бекіту;

136-5) сот сараптамасы органдары сот сарапшыларының жүктемелері нормативтерін әзірлеу және бекіту;

136-6) сот сараптамасы органдарында сот сараптамасын жүргізудің құнын айқындау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

136-7) сот-сараптамалық зерттеулердің әдістері мен әдістемелері валидациясының қағидаларын өзірлеу және бекіту;

136-8) сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерін өзірлеу, сынамадан өткізу және енгізу қағидаларын өзірлеу және бекіту;

136-9) Қазақстан Республикасы сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану қағидаларын өзірлеу және бекіту;

136-10) Қазақстан Республикасы сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу;

136-11) сот сараптамасын жүргізуге арналған арнайы жарактандырылған үй-жайлардың стандарттары мен оларға қойылатын талаптарды өзірлеу және бекіту;

136-12) сот сарапшыларының біліктілік даярлығы қағидаларын өзірлеу және бекіту;

136-13) сот сарапшысы біліктілігін беру үшін емтихандарды қабылдау қағидаларын өзірлеу және бекіту;

136-14) сот сарапшысы біліктілігін беру жөніндегі комиссия туралы ережені және оның құрамын өзірлеу және бекіту;

136-15) сот сарапшыларын аттестаттау қағидаларын өзірлеу және бекіту;

136-16) сот сарапшыларын аттестаттауды өткізу жөніндегі комиссия туралы ережені және оның құрамын өзірлеу және бекіту;

136-17) сот сарапшыларын аттестаттау;

136-18) сот сарапшыларының біліктілігін арттыру қағидаларын өзірлеу және бекіту;

136-19) Қазақстан Республикасы сот сарапшыларының мемлекеттік тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану қағидаларын өзірлеу және бекіту;

136-20) Қазақстан Республикасы сот сарапшыларының мемлекеттік тізілімін жүргізу;

136-21) сот-сараптама қызметін лицензиялау жөніндегі комиссия туралы ережені және оның құрамын өзірлеу және бекіту;

136-22) Сот сарапшысының әдеп кодексін өзірлеу және бекіту;

136-23) сот сарапшылары кадрларын іріктеу және орналастыру;

136-24) сот сараптамасы саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру;".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

A. Мамин